

ТАҒАМҒА БИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ҚОСПАСЫН ҚОЛДАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

1 көпіршітін таблеткасының құрамында:

белсенді заттектері:

Калий (калий гидрокарбонаты)	300 мг
Магний (магний сульфаты)	100 мг
АСТІ Q10 40% (коэнзим Q10)	10 мг
Е дәрумені (dl-альфа-токоферил ацетат)	10 мг
С дәрумені (L-аскорбин қышқылы)	50 мг
Ниацин (никотинамид)	25 мг
Мырыш (мырыш сульфаты)	8 мг
Тікенекті долана жемістерінің құрғақ сығындысы	20 мг
Жүрек сасықшөбінің құрғақ сығындысы	20 мг
Селен (натрий селениті)	50 мкг
D дәрумені (холекальциферол)	5 мкг
B12 дәрумені (цианокобаламин)	2 мкг
B6 дәрумені (пиридоксин гидрохлориді)	1,2 мг
B1 дәрумені (тиамин монокитраты)	1 мг
B2 дәрумені (рибофлавин)	1 мг
Фолий қышқылы (птероилмоноглутамин қышқылы)	0,4 мг

қосымша заттектері:

Лимон қышқылы E330, сорбит E420, натрий карбонаты E 500, апельсинді хош иістендіргіш, полиэтиленгликоль E 1521, глюкоза, сукралоза E 955, шабдалы хош иістендіргіші, сары күнбатыс FCF E110.

Линдавит Кардио – тағамға биологиялық белсенді қоспаның жаңа үйлесімді кешені, құрамында жүрек-қантамыр жүйесінің қызметін қолдайтын дәрумендердің, минералдық заттектердің, микроэлементтер мен өсімдік тектес құрамбөліктердің кешені бар.

Калий, организмді артериалдық қысымның жоғарылауынан қорғайды, осы арқылы инфаркт пен инсульттен де қорғайды.

Магний өмірлік маңызды минералдық заттек, организмде өте аз көлемде болады. Магний организмнің жасушаларын энергиямен қамтамасыз ету үшін аса маңызды, алмасу үрдістерінде белсенді қатысады, жүрек ырғағының жұмысын тұрақтандырады, қан тамыры түйілуін басуға ықпал етеді, жүйкелік-бұлшық еттік қозу үрдісінде қатысады.

Коэнзим Q₁₀ - организм үшін табиғи заттек, жүректің және бұлшық еттің жұмысы үшін аса қажет энергияның өндірісіне қатысады. Коэнзим Q₁₀ жүректі, қантамырларын нығайтуға, жасушалардың қартаю үрдісін бәсеңдетуге, иммундық жүйені күшейтуге, организмнің тіршілік қызметін белсендіруге көмектеседі.

С және Е дәрумендері - антиоксиданттар, атеросклероздың дамуына жол бермейді, апоплексиялық соққы мен инфарктің қаупін азайтады.

Ниацин (никотинамид) жүрек-қантамыр жүйесіне оң әсер етеді, атап айтқанда, шеткері ұсақ қантамырларын кеңейтіп, қан айналымын жақсартады.

Мырыш – аса маңызды микроэлемент, адам организмнің тірек-қимыл жүйесінің өсуіне және дамуына, қан айналымының қалпына келуіне аса қажет.

Долана сығындысы жүректің бұлшық етін нығайтуға, қандағы холестерин алмасуын жақсартуға, жүректің коронарлық тамырларындағы қан айналымын қолдауға, жүректің ырғағы мен артериалдық қысымды қалыпты ұстауға ықпал етеді.

Сасықшөптің сығындысы орталық жүйке жүйесінің қозуын азайтады, жүректің ырғағын бәсеңдетіп, жиырылу күшін арттырады.

Селен холестерин алмасуында қатысады және оның қандағы деңгейін қолдайды.

Сондай-ақ, селен қысымның қалыпты күйін және қантамырларының созылымдылығын қолдайды, жүрек бұлшық етінің жұмысында қатысады.

D дәрумені холестериннің артық мөлшерінің түзілуіне кедергі келтіреді және артериялардың қабырғаларын холестерин түйіндерінің пайда болуынан қорғайды.

B12 дәрумені (цианокобаламин) барлық жасушалардың қалыпты қызмет етуі үшін қажет, әсіресе, сүйектің кемігі және орталық жүйке жүйесінің жасушалары үшін. Ол майлардың, ақуыздар мен көмірсулардың алмасуында қатысады.

B6 дәрумені (пиридоксин гидрохлориді) жасушалық мембраналар арқылы амин қышқылдарының алмасуы мен тасымалдануында қатысады. Жүрек бұлшық етіне оттегінің жеткіліксіз түсуінде алмасу үрдістерін қолдайды. Жүректің бұлшық етінде холестериннің жинақталуынан қорғайды.

B1 дәрумені (тиамин) организмнің энергетикалық алмасуында қатысады, жүйке жүйесінің қызмет етуін қамтамасыз етеді. Ол жүректің, бұлшық еттің, сүйектің кемігінің қалыпты жұмысы үшін қажет.

B2 дәрумені (рибофлавин) организмдегі заттек алмасуын реттейтін роль атқарады. Ол майлардың, ақуыздар мен көмірсулардың ыдырау және түзілу үрдістерін реттейді.

Фолий қышқылы (птероилмоноглутамин қышқылы) жүректің және қантамырларының саулығы үшін маңызды. Ол қантамыр жүйесінің дамуы үшін қажет, қан өндірімінде қатысады, қызыл қан денешіктерінің қалыптасуына ықпал етеді. Сондай-ақ, фолий қышқылы бірқатар дәрумендер мен холестериннің алмасуына оң әсер етеді, амин қышқылдарының қалыпты алмасуын қолдайды. Бұл дегеніміз, жүрек пен қантамырлары сау болып, толық күшімен қызмет ете алатындығын білдіреді.

Қолдану тәсілі:

Бір стакан суда көпіршітін таблетканы еріту қажет.

Ересектерге және 14 жаспан асқан жасөспірімдерге 1 көпіршітін таблеткадан, тәулігіне 1 рет, тағамға қосып қабылдау қажет. Қабылдау курсы 20-40 күнді құрайды. Қайталау курсы 1-3 айдан кейін өткізу ұсынылады.

Қарсы көрсетімдері:

- Құрамында дәрумендер мен минералдар бар басқа препараттармен бірге қолдануға болмайды;
 - жіті гломерулонефрит;
 - ойық жара ауруының асқынуы;
 - брадикардия (жүрек соғуының сиректеуі);
 - 14 жасқа дейінгі балалар;
 - ББҚқұрамбөліктерінің біріне асқан сезімталдық болса, қолдануға болмайды
- Жүктілікте және бала емізу кезеңінде дәрігермен кеңесуден кейін ғана қабылдауға болады.

Босатылу шарттары: рецептісіз.

Сақтау шарттары: құрғақ, күн сәулесінен және ылғалдан қорғалған жерде, 0 °С-тан 25 °С-қа дейінгі температурада сақтау қажет. Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

Шығарылу түрі және қаптамасы:

Тубасында 20 көпіршітін таблеткадан, 1 тубасы мемлекеттік және орыс тіліндегі қолдану жөніндегі нұсқаулықпен қоса картон қаптамасына салынған.

Жарамдылық мерзімі: 24 ай.

Қаптамасының төменгі бөлігінде көрсетілген жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

МТК ұстаушысы:
BELINDA LABORATORIES LLP.,
Лондон, Ұлыбритания

Өндіруші:
ООО «Worwag Pharma Operations»
Langiewicza 58,
95-050 Константынув Лодзинский,
Польша.

Тұтынушылардан шағым-талаптарды қабылдауға өкілетті ұйым:
«Cepheus Medical» ЖШС (Цефей Медикал),
ҚР, Алматы қ, Аль-Фараби даңғылы 7,
ЖК «Нұрлы Тау», блок 5А, офис 247
тел: +7 (727) 300 69 71,
e-mail: cepheusmedical@gmail.com